

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘН ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 3 (9321) | 1954 жылғы 5 январь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Картоп пен овощь шаруашылығын өркендету — аса маңызды міндет

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, өткен жылы картоп және овощь шаруашылығын өдеуіне ерекше назар аударды. Ол колхоздар мен совхоздардың іс тәжірибелері біздің облысымыздың жағдайында картоп пен овощь өсістерінің көлемін ұлғайтып, өнімділігін арттыруға болатындығын нақтылы іс жүзінде дәлелден берді.

Мысалға Булаев ауданындағы «Гигант» колхозын алуға болады. Бұл колхоз солғы жылдарға дейін огород өгістерін егу ісімен шұғылданбаушы еді. Колхоз басқармасы бұл кемшілікті жою мақсатымен өткен жылы огород бригадасын ұйымдастырды. Бригаданы басқаруға картоп пен овощь дақылдарын өсіруде тәжірибесі бар колхозшы Биянов жолдасты тағайындады. Бригадада 28 адамның жыл бойы үздіксіз жұмыс істеуіне барлық жағдайлар жасалды.

Огород бригадасының мүшелері өгіс аламына қар тоқтату, жергілікті және минералдық тыңайтқыштарды дайындау, оны жер тыңайтуға дұрыс пайдалану, дақылдарды баптап күту және оларды жыйнау жұмыстарын тығыздықты жүзді. Осының нәтижесінде бригада мүшелері картоп пен овощьты өсіруде зор табыстарға ие болды. Олар алғашқы жылды картоптың гектарынан 114 центнер, өзінің гектарынан 210 центнер өнім алды.

Колхоз өткен жылы огород шаруашылығының өнімдерін колхозшылардың еңбекқұндеріне берді. Сол сыяқты, жүздеген центнер картоп пен овощьты мемлекеттік сатып алу орындарына тапсырды. Колхоз бұл шаруашылықтан 46 мың сом пайдатабуы көзделсе, бұл жылы картоп және овощьты сатудан кірген кірістің сомасы 155 мың сомға жетті.

Бұл колхоздың колхозшылары картоп пен овощь шаруашылығын өркендету ауыл шаруашылығы артелінің экономикасында нығайтудың, колхозшылардың әл-ауқат, мәдени тұрмыстарын жақсартудың ең негізгі бір жолы екенін жақсы түсінген. Сондықтан да олар картоп пен овощь дақылдарының көлемін үстіміздегі жылы екі есе ұлғайтуды және алынатын өнімді еседен арттыруды көздеп отыр.

Осы сыяқты, картоп пен овощь шаруашылығын өркендету ісінде зор табыстарға

жетуіне. Картоп пен овощьтарды жыйнау кезінде астылып, ұзаққа созылады. Кейбір колхоздардың басшылары картопты тұқымалық қорларын дайындау жұмысын сентябрь айы кезінде өткізудің орнына, октябрь, ноябрь айларында өткізу сыяқты асықпалық едетті қолданады.

Облысымыздың картоп пен овощь шаруашылығын өркендетуде артта қалуына тағы бір негізгі себеп — картоп, овощь дақылдарын отырғызу, баптап күту және жыйнау жұмыстарының механикаландырылмауы. Ол дақылдарды егуде жаңа әдіс — шарап-ұялы әдістің кеңінен қолданылмауы басын есептеледі.

Колхоздар мен совхоздардың басшылары картоп және овощь дақылдарын егу және жыйнау жұмыстарын ұйымдастырумен істі тындырады. Олар бұл дақылдардың өнімін сақтайтын орындарды дайындауды өзінің кезектегі іс деп санайды. Мұның ақыры картоп пен овощьтардың жауын-шашынға, суыққа тиіп бұзылуы, шіруіне әкеліп соғады.

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоз өткен жылы картоп, овощьтарды егу, баптап күту және жыйнау жұмыстарына ірілі ұйымдастырылды. Бірақ, колхоз басқармасы картоп пен овощь өнімдерін сақтайтын орындарды дайындауды ескермеді. Осының салдарынан бұл колхозда қыстың алғашқы күндері жүздеген центнер картоп пен овощь шіріп, бүлінді.

Картоп және овощь шаруашылығын өркендету жөнінде партиямыз бен үкметіміз колхоздар мен совхоздардың алдына шұғыл міндет қойып отырғанда жоғарыда аталған кемшіліктерге жол беруге болмайды. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоздардың басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары әрбір колхоз бен совхозда картоп пен овощь шаруашылығының өркендеуіне, осы арқылы облысымызда картоп пен овощь молшылығын жасауға жетісуге міндетті.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін кәзір әрбір колхозда, совхозда картоп пен овощьтардың сортты тұқымы жеткілікті болуын қамтамасыз ету керек. Кәзір облысымыздың бірде-бір ауданында сортты тұқым жетіспейді. Әсіресе, картоптың тұқымы жеткілікті. Бұл жөнінде

Мал қыстатуды үлгілі өткізейік!

Преснов ауданындағы „Путь к коммунизму“ ауылшаруашылық артелі мүшелерінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшыларына, МТС-тері мен совхоздарының жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының мамандарына

ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Біз, Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелінің мүшелері, бүкіл совет халқы сыяқты СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор жігермен қарсы алдық. Бұл қаулы ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендетудің жауынгерлік программасы болып табылады.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және малдың өнімділігін арттыру жөніндегі шараларды орындай отырып, біз өткен жылы жақсы нәтижелерге ие болдық. 1953 жылы мал шаруашылығын өркендету жоспары ірі қара малдан — 101,3 процент, оның ішінде сыйырдан — 103,3 процент, жылқыдан — 113,8 процент, қойдан — 116,3 процент, шошқадан — 102 процент, құстан — 157 процент орындалды. Бір жылдың ішінде әрбір сауын сыйырдан 1838 литрден сүт саууға жетістік, әрбір қойдан қырқыған жүн 2,427 грамм болды.

Біздің алдыңғы қатарлы колхозшыларымыз: сауыншілар Екатерина Гребенюк, Мария Бивган, Надежда Шевченко, бузау күтуші Нина Бродовая, бақташы П. Т. Еремин және басқалары сыйырдан сүтті мол алуға және туған төлді толық сақтауға жетісіп, мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда жақсы көрсеткіштерге ие болады.

Мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жоспарының орындалуы және асыра орындалуы мемлекетпен мал шаруашылығы өнімдерін барлық түрлері бойынша мерзімінен бұрын есеп айырысуымызға және мемлекеттік сатып алу ретінде 264 центнер етті, 444 центнер сүтті, 17,3 центнер жүнді мемлекетке сатуымызға, мал шаруашылығынан 483,727 сом кіріс алуымызға мүмкіншілік берді.

Мал азығының базасы қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындаудың басты шарты болып табылады. Бұл мәселеге біз бірінші дәрежелі назар береміз. 1953 жылы 380 гектар алаңға малазығындық шөптер ектік, табиғи шабындықтарға күтім жүргіздік. Мұның өзі жай жемшөпті 1952 жылғыдан екі есе артық дайындауға және берік жемшөп базасын қамтамасыз етуге мүмкіншілік берді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының мал шаруашылығын өркендету саласында қойған міндеттерін 1953 жылы орындауды қорытындысын шығара келіп, біз қол жеткенге қанағаттанбай, 1954 жылы бұдан да жақсы нәтижелерге жетісуді ұйғардық. Малдың барлық түрлерін және күс өсірудің

Картоп пен овощь өсіру жөніндегі ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын кеңінен қолдану, ішкі мүмкіншіліктерді барынша сарқа пайдалану және картоп пен овощь шаруашылығындағы негізгі жұмыстарды механикаландыру арқылы облысымызда картоп пен овощь өнімдерінің мол болуын қамтамасыз етейік!

жоспарын кезінде орындаймыз. Бізде 820 бас ірі қара мал болады, сыйыр саны 76 процент, қой — 4.870 бас, жылқы — 200 бас, шошқа — 415 бас, құс — 1360 бас көбейтіледі, әрбір 100 аналық малдан 95 бузау, 90 құлын, 110 қозы, әрбір мерезінен 12 торай аламыз. Әрбір сауын сыйырдан кемінде 1900 литр сүт сауамыз. Әрбір қойдан 4,5 килограмнан жүн қырқамыз және мал шаруашылығына 700.000 сом кіріс табамыз. Осы мақсатпен біз күзден бастап 48 сыйырды сауып келеміз, әрбір сыйырдан алынатын сүтті 7 литрдің орнына, 12 литрге дейін арттырдық және сонымен қатар 33 шошқаны жемге қойдық.

Бұл міндеттемелерді орындау үшін бізге ең алдымен мал қыстатуды үлгілі өткізу, малдың арықтауына, өлім-жітіміне және қолда бағу кезінде сүттің азайуына жол бермеуге жетісу қажет екендігіне түсінеміз. Осы мақсатпен бізде малдар жылы, жарық және кең базаларда топқа бөлініп орналастырылған; малдар 25 майға дейін жай жемшөппен толық қамтамасыз етілген, 6.500 центнер концентрат бөлінді, 4500 центнер сүрленген шөп және тамыржемистер бар.

Мал азығын меншіне тиімді пайдалану үшін жай жемшөпті ұнтақтағыш агрегат және мал азығын бұлағын орнатты. Мал азығы қатаң норма бойынша беріледі. Кәзір мал азығының базалар жағындағы қоры мынадай: товарлы сүт фермасында — 100 процент, қой фермасында — 100 процент.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес біздің колхоздың фермаларында зоотехникалық-малдәрігерлік қамту жолға қойылды. Қоғамдық малды жылы қораларда және азықтың молшылығы жағдайында қыстатуды ұйымдастырумен қатар, біз 1954 жылы мал азығының базасын онан сайын нығайту жөнінде қамқорлық жасаймыз. Біз көпжылдық және біржылдық шөптердің 100 центнер тұқымын дайындадық, мұның өзі 500 гектар жерге шөп егуді және 30 гектар алаңға тамыржемес егуді қамтамасыз етеді.

Осындай міндеттемелерді қабылдай келіп, біз, «Путь к коммунизму» колхозының колхозшылары облысымыздың барлық колхозшыларын және ауыл шаруашылығының мамандарын, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларын мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, сойтіп, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының мал шаруашылығы саласын өркендету жөнінде қойған міндеттерін орындау үшін қажетті жағдайлар жасауға жетісуге шақырамыз.

Бұл үндеу «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының жалпы жыйналысында

Өнеркәсіп орындарында

Жаңа табыстарға жете береміз

Халық тұтынатын азық-түлік товарлары өндірісін ұлғайту жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарысқа қызу ұштасып, комбинат коллективі өткен жылы өнімнің асортиментін көбейтуде және оның сапасын жақсартуда, өзіндік құнын кемітуде елеулі табыстарға ие болды.

Коллектив жаңа, 1954 жылды өндірістік жоспарды артығымен орындаумен қарсы алды. Жоспардан тыс 800 мың сомның өнімі шығарылды. Өнім шығаруда арақ-шарап зауытының коллективі жақсы нәтижелерге жетті. Зауод 700 мың сомның өнімін жоспардан артық берді.

Өнім шығаруды ұлғайту, оның сапасын жақсарту жолында комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техниктері аянбай еңбек етуде. Өнімнің жаңа түрлерін шығаруды меңгеруде және жаңа өндіріс мүмкіншіліктерін тауып, пайдалануда олар бірнеше бағалы ұсыныстар енгізді. Мәселен, тазалау цехының жаңашыл мастері Клименко жолдастың инициативасы бойынша арақ-шараптың, әсіресе, ликер ішімдіктерінің 36 түрін шығару меңгерді. Соның нәтижесінде комбинатта өнімнің асортименті өдеуі ұлғайтады.

Кәзір комбинатта қол жеткен табысты баянды ету, 1954 жылы жаңа өндірістік табыстарға жету жолындағы күрес бұшыей түсті. Жаңа жылдың бірінші күндерінен бастап жұмысшылар мен инженер-техниктер техника қуатын сарқа пайдаланып, өндірістік тапсырманы артығымен орындауда. Мұндайлардың қатарына арақ-шарап зауытының рефрактомы Кустов, сменашы технолог Пастухов, аппаратшы Жикина жолдастар бар.

Еңбекті дұрыс ұйымдастырып, жаңа жылда жаңа зор өндірістік табыстарға жетеміз. Бұған бізде қажетті күш-мүмкіншіліктердің бәрі де бар.

А. ЗАХАРЧЕНКО,
Петропавл арақ-шарап комбинатының директоры.

Лайықты тарту

Халық тұтынатын товарлар шығаруды ұлғайту жолындағы социалистік жарысты кең өрістетіп, Петропавлдың «Қазақстан» Халық тұтынатын товарлар фабрикасының

ие болғандардың қатарына Торанғұл совхозын қосуға болады. Совхозда өткен жылғы қапустағы гектарынан 210 центнер, сәбіздің гектарынан 282 центнер, қарбыздың гектарынан 130 центнер, мал азығындық қызылшаның гектарынан 121 центнер өнім азынды. Шаруашылықтың бұл саласынан совхоздың тапқан табысы 250 мың сомға жетіп отыр. Петропавл ауданындағы «Луч Ленина», Полудень ауданындағы Сталин атындағы және тағы басқа бірқатар колхоздар картоп пен овощ шаруашылықтарын нығайтуда елеулі табыстарға ие болды.

Алайда, облысымыздың барлық колхоздарында жағдай осындай деуге болмайды. ССРО Министрлер Советі мен СОБП Орталық Комитеті өзінің «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощ өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысында көпшілік жерлерде картоп пен овощ шаруашылығын мықтап өркендетуге осы уақытқа дейін жете мән берілмей келе жатқандығын атап көрсетті.

Бұл қаулыда көрсетілген кемшіліктер біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздарында да болды. Осы уақытқа дейін картоп пен овощ дақылдарының көлемі және әрбір гектардан алынатын өнім 1940 жылғы дәрежеге жеткен жоқ. Бұл факті жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоздардың басшылары сондай-ақ ауыл шаруашылығы мамандарының әлі күнге дейін картоп пен овощ шаруашылығын өркендету ісіне жете мән беріп келе жатқандығын дәлелдейді.

Өткен колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощ дақылдарының өлемі аз, шығындылығы төмен. Мұның басты себебі — оларда шаруашылықтың бұл саласын өркендетуге қолда бар мүмкіншіліктері қанағаттанғысыз пайдаланылады. Озат колхоздар мен совхоздардың өгроз бригадаларының іс тәжірибелері өміршең нақар қолданылады. Көп жерлерде картоп пен овощ дақылдары мерзімі өтіп кеткеннен кейін тынайылмаған жерлерге отырғызылады. Бұл дақылдардың қатар аралығын баптап күту нашар ұымдас-

пен овощтардың сұртты тұқымын да-
лындайтын мекеме колхоздар мен совхоз-
дарға нақтылы көмек көрсетуі қажет.

Быйыл облысымызда картоп пен овощ дақылдарының көлемі өткен жылғыдан екі есе көбейеді. Мұның өзі бұл жұмыстарды негізінен механикаландыруды талап етеді. Сондықтан әрбір МТС-тің коллективі колхоздарда картоп пен овощ дақылдарын отырғызу, баптап күту және жинау жұмыстарын механикаландыруға тиіс. Барлық колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощ дақылдарын егу тек шаршы-ұялы әдіс бойынша жүргізілуі керек. Дақылдарды бұл әдіс бойынша егу жұмысты механика күшімен атқаруға және алынатын өнімді еселеп арттыруға мүмкіндік береді.

Әрбір колхоз бен совхозда арнаулы өгроз бригадасы ұйымдастырылып, ол бригадалардың мүшелері жергілікті тыңайтқыштарды жинау, егістік учаске-
герге қар тоқтату, тұқым әзірлеу жұмы-
сарын өздері жүргізуге тиіс. Колхоздар мен совхоздардың басшылары бригада мү-
шелерінің басқа жұмыстарға ауыстырыла-
уына қолайлы жағдай жасаулары ке-
рек.

Парниктер мен теплица шаруашылығын өркендету — картоп пен овощ дақылдарының өнімділігін арттырудың ең негізгі дұрыс жолы. Сондықтан да колхоздар мен совхоздарда парниктер мен теплицалар болып, онда овощтардың көшеттері көптеп өсірілетін болсын. Бұл жөнінде агрономдар колхозшыларға, совхоз жұмысшыларына нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

Облысымыздың әрбір колхозы мен совхозында картоп және овощ шаруашылығын мықтап өркендету — елімізде картоп пен овощтың молшылығын жасауға және халқымыздың әл-ауқат мәдени тұрмыс дәрежесін барған сайын жақсарту ісіне көмекші үлес қосқандық болып саналады. Сондықтан да шаруашылықтың бұл саласын жедел өркендету — жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоздардың, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ең шұғыл міндеті болып саналады.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

1953 жылғы ноябрь колхоздарда мал қыстатуды жақсы ұйымдастырғы үшін Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туарын беру туралы

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республика жаздарында 1953 жылғы ноябрь айына мал қыстатудың қорытындыларын қады.

Министрлер Советі мен Қазақстан Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары мыналарға берілді:

Батыс Қазақстан облысына (облыстық партия комитетінің секретары М. Махшинов жолдас, облыстық атком председателі П. П. Волошко жолдас, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшының орынбасары В. И. Толстов жолдас).

Түрбев облысының Новобогат ауданында (аудандық партия комитетінің секретары Б. Сұлтанов жолдас, аудандық атком председателі У. Жайықов жолдас).

Қостанай облысының Жігітқара ауданына (аудандық партия комитетінің секре-

тары Х. Хасенов жолдас, аудандық атком председателі П. А. Петренко жолдас).

Батыс Қазақстан облысының Каменик ауданына (аудандық партия комитетінің секретары П. Г. Олександров жолдас, аудандық атком председателі Х. Едішев жолдас).

Қостанай облысы. Жігітқара ауданының Забелов МТС-іне (МТС директорының міндетін атқарушы И. Е. Ковалев жолдас).

Ақтөбе облысы. Степной ауданының Аңылысай МТС-іне (директоры Я. М. Кучеренко жолдас).

Батыс Қазақстан облысы. Каменик ауданының Семипаломарск МТС-іне (МТС директоры А. Ф. Грищенко жолдас).

Батыс Қазақстан облысы. Каменик ауданының Чкалов МТС-іне (МТС директоры М. Б. Дәудетжанов жолдас).

«Путь к коммунизму» колхозы колхозшыларының жалпы жыйналысының тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандары:

Колхоз басқармасының председателі Г. ВЧЕРАШНИЙ, товарлы сүт фермасының меңгерушісі, партия ұйымының секретары В. ВОРПАЕВ, еңбекшілер депутаттары селолық Совет атқомінің председателі М. РЕБРИЙ, комсомол ұйымының секретары М. ВАСИЛЬЧЕНКО, егіс бригадаларының бригадирлері С. ПЕРЕВЕРА, Г. БЕЗУГЛЫЙ, зоотехник Р. ШМЕЛЕВА, қой фермасының меңгерушісі Н. БАИБАТЫРОВ, жылқы фермасының меңгерушісі С. БЕЗУГЛЫЙ, шошқа фермасының меңгерушісі М. ЛЮБЕНКО, сауыншы Е. ГРЕБЕНЮК, бұзау күтуші Н. БРОДОВАЯ, шопан Д. БЕЛЫЙ, шошқа күтуші А. ФИСУН, жылқышы И. РУДЕНКО.

Қазақстан КП облыстық комитетінде

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің үндеуі туралы

Қазақстан КП обкомінің бюросы қаулы етті:

1. Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің мал қыстатуды ойдағыдай өткізу жөніндегі социалистік жарысты ұйымдастыру туралы Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшыларына МТС-тері мен совхоздарының жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының маман-

дарына арнап үндеу жариялаған инициативасы қолдалсын.

2. Қазақстан КП аудандық комитеттері, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары «Путь к коммунизму» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің үндеуін колхозшылардың, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларының, мамандарының жыйналыстарында, алқылауға, олардың арасында мал қыстатуды үлгілі өткізу жөнінде социалистік

жарысты ұйымдастыруға, бұл жағдайда мал азығын әзірлеп беру, мал азығын үнеммен жұмсау, малдың өнімділігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударуға міндеттелсін.

3. Облыстық «Ленинское знамя», «Ленин туы» газеттерінің редакциялары, радио комитеті, аудандық газеттердің редакциялары газет беттерінде және радио арқылы социалистік жарыстың барысын немі жариялап отыруға міндеттелсін.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ

ЖАҢА ШЫМКЕНТ

Қазығұрт жотасының тасасынан көтерілген күн сәулесі шулы Бадам өзенін бойлай созылған кен жазықтыққа алғашқы нұрын төккенде, өзеннің оң жағында Қазақстанның оңтүстік қалаларының бірі — жаңа Шымкенттің тамаша бейнесі көрінеді. Шымкент деген сөз, шымнан салынған қала деген ұғым береді. Бірақ, қаланың бұл аты оның кәзіргі бейнесіне мүлде сай келмейді.

Шымкент республикамыздың ескі қалаларының бірі. Анық мәліметтерге қарағанда, ол 1735 жылы салына бастаған. 200 жылдық тарихы бар Шымкент, Октябрь революциясына дейін қалаға, тіпті қала үлгісіндегі поселкеге де ұқсамайтын. Онда өнеркәсіп болған жоқ, сауда нашар өркендеген еді. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтауға қойылған фотосуреттер мен суреттер таяудағы өткен кезеңнің бейнесін көрсетеді. Шымкент көшелері тар және лас, нағыз азиялық қала болатын. Оның тұрғын халқы шымды дуалдармен қоршалған қанас жер үйлерде тұратын.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғана Шымкенттің өміріне жаңалық және тамаша өзгерістер енгізді. Еліміздің алыс аудандарындағы жүздеген қалалардағы сияқты мұнда да социалистік құрылыс орнады. Оның пәрменді күші совет өкметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ айқын көріне бастады. Ескі қаланың жаңында жаңа — социалистік қала салынып, өркендей бастады. Қала күннен күнге ұлғайып, көркейі түсті. Ескіні жаңа өмір тез ығыстырып шығарды. Қысқа мерзім ішінде тұрғын үйлердің жаңа корпусы орнады, кен көшелерге саялы теректер мен карағантар отырғызылып, көшелер мен тротуарларға асфальт төселді.

Қалада түрлі құрылыс жұмыстары барған сайын кен көлемде жүргізілуде. Үстіміздегі жылы 20 мың шаршыметрден аса көшеге және тротуарға асфальт төселді. Орталық Совет көшесі адам танымастай

болып өзгерді. Үлкен екі жолды — Темірлан мен Ташкент жолдарын жалғастыратын шеңберде топырақ үю жұмыстары аяқталды. Үстіміздегі жылдың өткен айларында да тұрғын үй және әртүрлі тұрмыстық құрылыстар салу кең көлемде жүргізілді. Өнеркәсіп орындарының жаңа корпусы, тұрғын үйлері, мәдени-ағарту мекемелерінің үйлері пайдалануға берілуде.

Құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылдағыдан үш есе дерлік артық. Қорғаныш зауытының, пресс-автомат зауытының, теміржол торабының жұмысшы поселкелерінде және басқа аудандарда көп пәтерлі ондаған әсем үйлер пайдалануға берілді. Соңғы уақытта гидролиз зауытының мақта-мата комбинатының жаңа поселкелері өсіп жетілді.

Жеке үй салып алғысы келген қала халқына мемлекет зор көмек көрсетіп отыр. Быйыл жеке үй салушылар мемлекеттен 3 миллион сомнан аса қаржы алды. Қысқа мерзімде 2 мыңнан аса жеке үй салынды, жаңадан 60 көше аты пайдаланды.

Шымкент — ірі темір жол торабы. Бұл жерден болат магистраль арқылы еліміздің барлық түкпіріне қорғасын, тамаша пресс-автоматтар, мата, құрылыс материалдары, сирек кездесетін медициналық дәрі-дәрмек, ет комбинатының, мақта зауытының, еліміздегі өте ірі май комбинатының, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің басқа да кәсіпорындарының өнімдері жөнелтіліп жатады.

Таяу уақытта мұнда тағы да республикалық екі ірі кәсіпорын — гидролиз және карақол елтірісін өңдейтін заводтар іске қосылады. Келесі жылы жаңа тоқыма комбинатының құрылысы басталады, оның өндірістік қуаты кәзіргі комбинаттың қуатынан он есе артық болады. Бұл алып комбинат жыл сайын 35 миллион метрден аса панбархат шығаратын болады. Оның құрылысы алдымен 60 мың

шаршы метр тұрғын үй құрылысын іске қосудан, тоқымашылардың мәдениет үйін, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін басқа да объектілерді пайдалануға беруден басталады.

Революцияға дейін Шымкентте ешқандай оқу орны болған емес, халықтың сауаттылығы өте төмен болатын. Кәзір еңбекшілердің балаларына арналып мектептер, орта дәрежелі арнаулы бес оқу орны; ауыл шаруашылығы және кен-металлургия техникумдары, фельдшерлік- акушерлік мектеп және басқалары ашылған. Қалада технологиялық және мұғалімдер институттары бар.

Шымкент — ірі мәдениет орталығы. Онда қазақ драма театры мен орыстың музыкалық комедия театры, бес кинотеатр, 160-тан аса басқа да мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істейді.

Қалада жаңа құрылыстар көп салынып жатыр. Тамаша тұрғын үйлер, тұрмыстық қызмет ететін комбинат, жаңа мектептер, клубтар, магазиндер, мода ательесі, халық тұтынатын товарлар шығаратын кәсіпорындар салынуда. Мұның бәрі — еңбекшілердің үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени тілектері мейлінше қанағаттандыру үшін партия мен үкметтің жасап отырған күнделікті қамқорлығының айқын айғағы.

Өздерінің мәңгі өсірген баулары мен парктері Шымкент тұрғын халқының мақтанышы болып табылады. Шымкент бау-қала деп орынды аталады. Мұнда әрбір тұрғын адамға 0,01 гектардан аса көгалды жерден келеді. Бірақ бұл қала еңбекшілерінің қанағаттандырмайды. Олар быйыл 150 мыңнан аса жеміс және саялы ағаштар отырғызды. Шымкент таяу жылдардың ішінде бұрынғыдан да сымбатты және көрікті индустриялы социалистік мәдениеті жоғары қала, республиканың тамаша облыс орталықтарының бірі болады.

В. ТОРСКИЙ.

шлік артелінің коллективі аңғарықтай табыстарға ие болды. Мұнда 1953 жылдың өндірістік программасы мерзімінен 10 күн бұрын орындалды.

Артель коллективі быйыл халық тұтынатын бұйымдар шығаруды едәуір арттырды. Өткен жылғыға қарағанда, мұнда жалпы өнім 420 мың сомға, товарлы өнім 410 мың сомға артық өндірілді. Бір жыл ішінде 25 мың дециметрден астам бығары және өнімнің өзіндік құнын кеміту есебінен 20 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Артель жұмысшылары В. Брюхов, В. Маник, Е. Артемьева жолдастар үздік еңбек етіп жүр. Олардың сменалық еңбек көрсеткіші — 180—185 проценттен. Сол сияқты, Букалов, Жамалиев, Донская және басқалары да әрбір смена сайын біржарым нормадан орындайды.

Мұнда алдағы жылы өнім шығару шұғыл арттырылады. Жуырда артель жанынан жаңадан мастерской ашылды. Жаңа мастерской артельдің көпшілік тұтынатын бұйымдарды өндіруін ұлғайтуға қосымша зор мүмкіншіліктер туғызды.

Кәзір артель жоспардан тыс өнім шығаруда.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Товар айналымы артуда

Ленин ауданы еңбекшілерінің әл-ауқат дәрежесі жылдан-жылға жақсаруда. Осыған байланысты олардың сатып алу қабілеті де үздіксіз артуда.

Өткен жылы аудан еңбекшілері халық тұтынатын товарларды көп сатып алды. 1953 жылы 1952 жылмен салыстырғанда кітап, музыкалық аспаптар, велосипедтер және басқа да көпшілік тұтынатын товарлар едәуір артық сатылды. Өткен жылдың октябрь және ноябрь айларында ғана село тұтынушыларына 14 патефон 1952 жылғыдан көп сатылды. Аудан магазиндеріне спорт киімдері мен құрал-жабдықтары, балалар ойыншықтары және басқа да мәдени товарлар көп түсті. Быйылғы қыста село тұтынушыларына 36 мың сомның спорт киімдері, 400 пар шаңғы, 50 пар коньки, 10 мың сомның ойыншықтары мен мәдени товарлары сатылды.

Быйыл аудан еңбекшілері көпшілік тұтынатын товарларды жылдағыдан көп сатып алады. Мұндай товарлар жаңа жылдың алғашқы күндерінің өзінде-ақ көп түсе бастады.

В. ВОЛОШИН.

Жоспардан тыс өндірілген тағамдар

Қаладағы ет-консерві комбинатының коллективі жаңа 1954 жылды жұмыс өнімділігін арттыра отырып, зор өндірістік табыстармен қарсы алды. Завод коллективінің қажырлылықпен еңбектенуі нәтижесінде комбинат соңғы кезде алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының біріне айналып, көптеген тағамдарды жоспардан тыс өндірілді.

1953 жылы комбинатта 1952 жылғыдан 1 миллион банк консерві артық өндірілді.

Сол сияқты, қаладағы «Прогресс» артелінің коллективі де жаңа жылды 553 мың сомның тәтті тағамдарын жоспардан тыс өндірумен қарсы алды.

Облысымызда картоп, овощь өнімдерінің молшылығын жасайық!

Алдыңғы қатарлы картоп пен овощь өсірушілердің іс тәжірибелері—көпке ортақ

Тамыржемісті өсімдік — құнарлы мал азығы

СОЕП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына колхоздар мен совхоздарда мал санын көбейтумен бірге оның өнімділігін еселеп арттыру міндетін қойды. Бұл міндетті орындау мал азығының берік базасын жасауға тікелей байланысты. Мал азығында тамыржемісті өсімдіктер ерекше орын алады. Әсіресе, сауын сыйырларды тамыржемісті мал азығымен азықтандырмайынша, олардан сүтті мол алуға болмайтындығын малшылардың күнбе-күнгі іс тәжірибесі айқын көрсетіп келеді.

Біздің совхоздың коллективі тамыржемісті өсімдіктерді өсіруге жыл сайын жеткілікті маңыз беріп келеді. Өткен жылы совхозда 178 гектар малазығындық қызылша егілді. Бұл егістің барлық тұқымы пар мен зябка себілді. Қызылша егілетін зяба 22—25 сантиметр тереңдікте жыртылған. Соның ішінде 22 гектар зяба 27 сантиметр тереңдікте жыртылды.

Қызылша егілетін егіс алаңына қалыңдығы 80—90 сантиметрдей қар тоқтатылды. Көктемде қар суын бөгеу жұмысы жүргізілді. Барлық егіс алаңына сортты тұқым себілді. Әрбір гектарға 7—8 килограмнан тұқымдық дән сіңірілді. Егіс егу көктемнің алғашқы күндерінде жүргізілді. Өйткені, бұл кезде жердің ылғалы мол болады.

Қызылшаны баптау, күту жұмысын агротехникалық ережелерге сай ұйымдастырдық. Қызылшаны жапырағы шыға бастағанда егіс алаңын «КУТС—4—2» трактор культиваторымен культивациялады. Мұның өзі арам шөптердің жойылуына және қызылшаның түбі қопсуына мүмкіндік берді. Әрбір түп қопсығаннан кейін ондағы қызылшаның өсуі жақсара түседі. Бұдан кейін өскен арам шөптерді жою үшін егіс алаңын екінші рет культивациялады.

Июнь айының алғашқы кезінде қызылша егілген алаңда зиянды жәндіктердің көп екендігі анықталды. Бұл зиянды жәндік қызылшаның өсуіне зиянын тигізетіндігі белгілі. Сондықтан звено мүшелері ол зиянды жәндіктерді күртудың нақтылы шараларын жүзеге асырды.

Совхоз коллективі қызылшаны жыйнау жұмысын ең маңызды жұмыстардың бірінен санайды. Өткен жылы қызылшаны жыйнау 15 сентябрьде басталып, 27 октябрьде аяқталды. Қызылшаны қазу қол жұмысымен атқарылды. Бірде-бір қызылша жер астында қалдырылған жоқ. Осының нәтижесінде 178 гектар қызылшаның әрбір гектарынан 204 центнер өнім алынды. Ал, 27 сантиметр тереңдікте жыртылып, салынған қызылшаның әрбір гектарынан 407 центнерден өнім жыйналды. Мұның өзі қызылша егісін егетін алаңды неғұрлым терең жыртыу мол

Картоп пен овощь — ауыл шаруашылығындағы бағалы дақылдардың бірі. Бұл дақылдарды мол өндіру елімізде азық-түлік товарларының молшылығын жасауға ғана үлес қосып қоймайды, мұнымен қатар, колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал үшін жемшөп қорының берік базасын жасауға, колхоздардың экономикасын нығайтып, колхозшылардың ақшалай және заттай табыстарын молайтуға көмектеседі. Сондықтан да СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы колхоздар мен совхоздардың алдына картоп пен овощь егісіннің көлемін ұлғайтып, оның өнімін арттыру міндетін қойды.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жергілікті партия,

Шаруашылықтың маңызды саласы

Біздің колхоз бұрын картоп және овощь дақылдарын өсіру ісімен шұғылданбайтын. Бұл, әрине, жұмысымыздағы елеулі кемшілік еді. 1953 жылдың аясында колхоз басқармасы оғорол бригадасын ұйымдастырып, бригаданы картоп және овощь дақылдарын өсіре білетін колхозшылармен толықтырды. Сонымен агрономдардың қатысуымен картоп және овощьты өсірудің агротехникалық шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруға оарлық күш-мүмкіншілікті пайдаландық.

Бұл бригаданы басқаруды маған тапсырды. Содан кейін біз жұмысты неден бастап, қалай аяқтау жөнінде өзара кеңестік. Бригада мүшелері өздерінің алдына қапустаның әрбір гектарынан —100 центнерден, қырдан —65 центнерден, помидордан —50 центнерден, сәбізден —50 центнерден, қарбыздан —50 центнерден өнім алу, ақшаға айналығанда бұл шаруашылықтан 46 мың сом табыс табу міндетін қойды.

Кейбір колхозшыларда картоп және овощь дақылдарынан мұндай өнім алуға болмайды деген пікір де болмай қойған жоқ. Сондықтан колхоз председателі мен агроном колхоз мүшелерінің жыйналысын өткізіп, оларға біздің колхозда картоп және овощь егістерінен мол өнім алуға болатындығын түсіндірді. Осы жыйналыста бригада мүшелері тағы да алға қойылған міндетті жүзеге асыру үшін аянбай еңбек етуге серт берді.

Алдымен біз, қыяр, қарбыз дақылдарды көл бойындағы құмдылау жерге, ал, капуста, сәбіз, помидор, сарымсақ дақылдарын қара топырақты жерге егуді ұйғардық. Қыстың күндері бригада мүшелері бұл алаңдарға қарды көптеп тоқтатуды ұйымдастырды. Картоп және овощь дақылдары егілетін алаңды жергілікті және минеральдық тыңайтқыштармен тыңайту ісіне жете назар аударылды. Әрбір гектар жерге 20 тонна жергілікті және 5,5 центнер түрлі минеральдық тыңайтқыштар дайындалды.

Қысқы маусымда біз бұл жұмыстармен тынбадық. Мұнымен бірге, қар суын бөгеу, овощь дақылдары үшін сортты тұқым әзірлеу жұмыстарын да бір-бірімен ұштастыра жүргіздік. Бригада мүшелері қыс бойы еңбектерін текке кетірмеу үшін егіс алаңдарын көктемде ерте жыртып, ерте жұмыстауды ұйымдастырды. Көктемнің алғашқы күні оғорол егістері егілетін алаңдар 25—27 сантиметр тереңдікте жыртылып, жоғарыда айтылған мөлшерде жерге тыңайтқыштар төгілді. Егіс егудің қымбатты мөзімдерін босқа өткізгеніміз жоқ. Жер жіби бастағанда сәбіз және редиска егістерінің тұқымын септік. Бұдан кейін қыяр, қарбыз, картоп, капуста дақылдары егілді.

Қыяр, қарбыз егістерін егуде шаршы-ұялап отыру әдісі кеңінен қолданылды.

Осының барлығы өзінің игі нәтижесін берді. П. Маленко және Н. Демиденко жолдастар басқарған звеноның мүшелері 6 гектар қыярдың әрбір гектарынан 86 центнерден өнім жыйнады, ал, А. Киянова жолдас басқарған звеноның мүшелері қапустаның гектарынан 110 центнер, помидордың гектарынан 85 центнер, қарбыздың гектарынан 64 центнер, сәбіздің гектарынан 210 центнер өнім алды. 10 гектар картоптың әрбір

өсет ұйымдары мен колхоз, совхоздардың басшылары және ауыл шаруашылығы мамандары әрбір колхоз бен совхозда картоп пен овощь шаруашылығын мықтап өркендетуге жетісуге тиіс.

Картоп пен овощь өсіру жөніндегі ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын кеңінен қолдану және ішкі мүмкіншіліктерді барынша сарқа пайдалану арқылы бұл дақылдардың көлемін ұлғайтып, өнімін арттыруға болады.

Төменде облысымыздың алдыңғы қатарлы картоп пен овощь өсірушілеріне сөз беріп отырмыз.

Картоп пен овощь шаруашылығын өркендеті түсеміз

ССРО Министрлер Советі мен СОЕП Орталық Комитетінің «Колхоздар мен совхоздарда 1953—55 жылдары картоп пен овощь өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысында елімізде картоп пен овощь өндірудің халықтың, сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіптің бұл өнімдер жөніндегі өскен талаптарынан мүлде артта қалып отырғаны атап көрсетілді. Бұл кемшіліктер біздің облыстың колхоздары мен совхоздарына да тән іс. Өлі күнге дейін көпшілік колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл шаруашылыққа жеткілікті мән бермей, оның маңыз-мақсатына жете түсінбей келеді. Шынында картоп пен овощь шаруашылығын өркендету колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтудың негізгі бір көзі болып есептеледі.

Өткен жыл —Торангүл совхозының коллективі үшін картоп пен овощь шаруашылығын өркендетуде табысты жыл болды. Олар егістің бұл түрінің көлемін ұлғайтумен бірге өнімділігін арттыру үшін жыл бойы қажырлы еңбек етті. Егіс егу, оны баптап, күту және жыйнау жұмыстары агротехникалық ережелерге сай жүргізілді. Бұл сыяқты адал еңбектің өзі жақсы нәтижесін де берді.

Совхозда 12 гектар картоптың әрбір гектарынан 82 центнерден өнім жыйналды. Ал, қапустаның гектарынан 201 центнер, сәбіздің гектарынан 282 центнер, қарбыздың гектарынан 130 центнер, мал азығы қызылшасының гектарынан 121 центнерден өнім алынды.

Картоп, овощь егісін өсіруде, әсіресе, И. Кооп жолдас басқарған бригаданың мүшелері еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Олар біздің совхозда бұл шаруашылықтан мол өнім алуға болатындығын нақтылы іс жүзінде дәлелдеп берді.

Картоп пен овощь шаруашылығынан түскен пайда ақша есебімен 1953 жылғыдан 2 есе көбейіп, 250 мың сомға жетті. Совхоз жұмысшылары мен қызметшілері, сондай-ақ аудан орталығы еңбекшілері картоп пен овощь өнімдерімен қамтамасыз етілді. Сол сыяқты, қоғамдық малдарға да мыңдаған центнер азық дайындалды. Картоп, капуста, сәбіздерден басқа 5 мың центнердей тамыржемісті өсімдіктер дайындалды.

Коллектив мүшелері 1953 жылғы қол жеткен табыстарымен масаттанбайды. Олар келесі жылы картоп пен овощь шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын осы бастап жүзеге асыруда. Картоп пен овощь егістерінің тұқымдары жеткілікті мөлшерде дайындалып алынды. Үстіміздегі жылы егістің бұл түрін екі есе ұлғайту, демек, көлемін 120 гектарға жеткізу көзделіп отыр. Егіс алаңына қажетті жер өткен күзде 25—27 сантиметр тереңдікте жыртылып дайындалғанды. Кәзір оғорол бригадасындағы 28 адам қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмыстарын қызу қарқымен жүргізуде. Олар барлық егіс алаңына бір рет қар тоқтатып, 140 тонна жергілікті тыңайтқыштар жыйнап алды. Мұның үстіне совхоз дирекциясы кемінде 50—60 тонна минеральдық тыңайтқыштарды сатып алуды жоспарлап отыр.

Совхозда картоп пен овощь шаруашылығын өркендетуге

МТС-нің көмегімен

МТС қамтуындағы колхоздарда бұл ұқатқа дейін картоп пен овощь шаруашылығын өркендетуге шын мәнінде көл-бөлінбей келді. Колхоз басшылары, сәйкес агрономдар картоп пен овощь азықтарын егуде, күтуде және жыйнауда агротехникалық ережелердің мұқият жетік асырылуына жетісе алмай жүр. Осының өзі бұл шаруашылықты өркендетуге кері әсерін тигізіп отыр.

Өткен жылы МТС қамтуындағы 8 колхоздың бірде-бірінде картоп және овощь дақылдарынан өнім алу жөніндегі ұғайындалған тапсырмалар орындалады. Бұл неліктен? Ол ең алдымен дақылдарды егу мерзімі өтіп кеткендіктен, егістерді баптап, күту жұмысы жүргізілмегеніне байланысты.

Кәзіргі күнде партиямыз бен үкіетіміз картоп пен овощь шаруашылығын мықтап өркендетуді ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына негізгі міндеттердің бірі етіп қойып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру—елімізде картоп пен овощь молшылығын жасаудың, мал шаруашылығының өркендеуіне қажетін толық аяғаттандырудың негізгі жолы.

Сондықтан МТС коллективі үстіміздегі жылы колхоздарда картоп пен овощь шаруашылығын мықтап өркендетудің нақтылы шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруда. Быйыл барлық колхоздарда картоп пен овощь шаршы-ұялы әдіспен отырғызылады. Мұның өзі овощь өнгеннен кейін оларды техника күшімен өңдеуге мүмкіндік беріп, алынатын өнімді молайтуға қолайлы жағдай туғызады.

Овощьтардың шығымдылығын арттырудың тағы бір негізгі жолы —овощьтардың көшеттерін шымтезек-шірінді құмыраларда өсіру болып саналады. Қапустаның, помидордың, қыярдың көшеттерін мұндай құмыраларда өсіру олардан мол өнім алуды қамтамасыз етеді. Бұл әдісті қолдануға біздің облыстың әрбір колхозында күш-мүмкіншілік жеткілікті.

Құмыраларда өсірілген көшет ашық далалы жағдайда тез жетіліп өсе алады. Мұндай көшеттерді парниктер мен теплицаларда көбірек ұстау арқылы өсімдіктің жақсы өніп өсуіне жағдай жасауға болады. Ерте егілетін қапустаның жапырағы 7—8 сантиметрге жеткенде отырғызылады. Құмырада өсірілген көшет егілгеннен кейін суық пен құрғақшылық жағдайларға өте төзімді келеді.

Овощьты осы әдіспен егу үшін құмыраны көптеп жасау керек. Үстіміздегі жылы МТС-нің әрбір колхозында құмыралар жеткілікті болады. Мұны біз өз күшімізбен жасайтын боламыз. Біз құмыраларды жасау үшін ағаш станокті пайдаланамыз. Мұнымен күніне 3 мыңға дейін құмыра жасауға болады.

Быйыл колхоздардың барлығында картоп пен овощьты егу жұмысы негізінен

Нерудің сөзі

ДЕЛИ, 2 январь. (СОТА). Дели радиосының хабарына қарағанда, Индия кәсіподақтарының ұлттық конгресінің жылда шақырылатын сессиясының ашылуында Джалгонде (Бомбей штаты) 31 декабрь күні сөйлеген сөзінде премьер-министр Неру былай деген: Пакистанға АҚШ көмектесуге ниеттеніп отырған көмекке ұқсас соғыс көмегі басқа елдер үшін, әсіресе, Индия үшін елеулі қауіп болып табылады. Егер осындай көмек қандай да болса дос ел тарапынан Индияға ұсынылған болса, Индия оны қабылдамай тастаған болар еді. Қандай жағдайда болса да және қандай сылтауларды бүркемеленсе де Индия өзінің жерінде шетелдік әскерлердің болуын болдыртпайды. Егер шетелдік мемлекет Индияға агрессиялық әкілдер жасаса, Индия тиісті қарсылық көрсетеді.

Пакистанға қобаланып отырған американдық соғыс көмегінің Пакистанның өзінің мүдделеріне зиян келтіретіндігін Индия бірнеше рет атап көрсеткен. Егер Пакистан американдық соғыс көмегін қабылдайтын болса, онда Пакистанның Азиядағы соғыспайтын елдердің тобынан шығандығын көрсетеді. Мұндай қадам Батыс құлдығынан енді-енді қутыла бастаған Азия елдерінің бостандығына елеулі зиян тигізеді.

Индия әрқашан барлық талас мәселелерді Пакистанмен бейбітшілік жолмен реттеп, осы елмен достық қарым-қатынасты сақтауға жетісіп келді және жетісіп те отыр. Нерудің пікірінше, екі елдің арасында шешуге болмайтын алауыздықтар жоқ.

ФРАНЦУЗ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ «ЕВРОПАЛЫҚ АРМИЯНЫ» ЖАСАҚТАЛУЫНА ҚАРСЫ

ПАРЖ, 2 январь. (СОТА). «Европалық қорғаныс бірлестігі» деген жамылғымен Германияны қаруландыруға қарсы күреске француз интеллигенциясының көптеген топтары барған сайын белсеніп араласуда. Бүгін «Юманите» газетінде Париж университетінің әдебиет, заң, медицина және басқа факультеттерінің 88 профессоры қол қойған Германияны ремилитарландыруға қарсы манифест жарияланды.

Манифестке қол қойып отырған адамдар әртүрлі саяси көзқарастардың өкілдері және олардың көпшілігі ешқашан да саяси қызметпен айналысқандар емес, бірақ, Франция мен бейбітшілік ісін сақтау үшін күресте бірлесіп жұмыс істеуіне мұның ешқандай бөгетігі жоқ, делінген манифесте.

«Мұнда қойылып отырған негізгі мәселе, —делінген онан әрі манифесте, —Германияның қарулануы мәселесі. Белгілі «Европа» дегеннің құрамында Германияны қаруландыруға жұртшылық өшпенділікпен қарайтын болғандықтан бүгін Германияның былай қарулануы дербес неміс әскерлерінің қайта жасақталуын болдырмауға көмектеседі дел дәлелдейді. Мюнхен мен неміс басқыншылығы кезіндегідей, кәзірге де болмашы жауыздық туралы дәлелсымақты

өнім алудың негізі екенін дәлелдеді.

Бұл табыс өздігінен келген жоқ. Ол үшін коллектив мүшелері қажырлы еңбек етті. Совхоздың әрбір фермасында огород бригадасы ұйымдастырылып, ол бригаданың мүшелері қызылша егісі егілетін алаңға қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау, оны төгу, егіс егу, қызылшаны жыйнау жұмыстарын өздері жүргізді. Олар бұл жұмыстарда агротехникалық ережелерді мұқият жүзеге асырды.

Біздің жұмысымызда кейбір кемшіліктерге жол берілді. Әресе, қызылшаны жыйнау ұзаққа созылды. Бұл кемшілікті жою үшін қызылшаны жыйнауды механикаландыру керек. Бұл жөнінде облыстық совхоздар тресі бізге нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

Совхоз коллективі тамыржемісті өсімдіктер малға құнарлы азық екенін жақсы біледі. 1952 жылға қарағанда өткен жылы сыйырлардан алынатын сүттің мөлшері едәуір молайды. Сондықтан облысымыздың әрбір колхозы мен совхозында тамыржемісті өсімдіктер егуді кеңінен өрістетуге өте қажет. Өсімдіктің бұл түрі—мал үшін құнарлы азық.

С. ДАВЫДОВ,

Преснов совхозының агрономы.

Овощь дақылдарын көп өсіреміз

Біздің колхозда картоп және овощь дақылдарының көлемін ұлғайтуға, одан алынатын өнімді еселеп арттыруға қажетті күш- мүмкіншіліктің барлығы да бар. Колхоздың жер жағдайы бұл дақылдардан өнімді мол алуға өте қолайлы.

Өткен жылы колхоз басқармасы огород бригадасын алғашқы рет ұйымдастырып, оны басқаруды маған тапсырды. Рас, алғашқы жылы бізде картоп пен овощьтардың сортты тұқымы жеткіліксіз болды. Мұның өзі картоп пен овощьтың өнімі аз болуына негізгі себеп болды.

Бригада мүшелері өздеріне жүктелген міндетті орындауда қажырлықпен еңбек етіп, картоп пен овощьтарды егу, баптап күту, жыйнау жұмыстарын үлгілі өткізді. Бұл жұмыстарда агротехникалық ережелерді ұқыпты қолданды. Осының нәтижесінде біз картоп пен овощьтан тұрақты өнім алдық. Колхозға огород шаруашылығынан 120 мың сом ақшадай кіріс кірді.

Үстіміздегі жылы бұл шаруашылықты жедел өркендетудің барлық шараларын жүзеге асырамыз. Бұл күндері бригада мүшелері егіс алаңына қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау, сортты тұқым әзірлеу жұмыстарын бір-бірімен тығыз ұштастыра жүргізуде.

Біз картоп және овощьтың молшылығын жасау жөніндегі азда тұрған міндетті жақсы білеміз. Сондықтан да бұл шаруашылықты өркендету жолындағы күресте аянбай еңбек етеміз.

М. БЕСПАЛОВА,

Соколов ауданы, Молотов атындағы колхоздың огород бригадасының бригадирі.

гектарынан 114 центнерден өнім жыйналды. Колхоз мемлекетке 1200 центнер картоп сатты. Бұл жылы колхоз өз қассасына картоп және овощьтың әр түрін сатудан 155 мың сом ақшадай кіріс енгізді.

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы елімізде картоп және овощь шаруашылығын мықтап өркендетуді маңызды міндеттің бірі етіп қойды. Бригада мүшелері бұл міндетті жүзеге асыру үшін әлде де аянбай еңбек ете береді. Біз үстіміздегі жылы овощь егістерінің көлемін өткен жылғыдан 1,5 есеге дейін ұлғайтуды ұйғарып отырмыз.

Барлық егіс алаңы өткен күзде жыртылды. Кәзіргі күнде жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау, егістік алаңдарға қар тоқтату жұмыстарын қызу жүргізудеміз. Колхоз басқармасы 300 центнер минеральдық тыңайтқыш сатып алды. Бригададағы 20 колхозшы үшжылдық агротехникалық үйірмеде оқып жүр. Келесі жылы картоп және овощь дақылдарын тек шаршы-ұялап отырғызу әдісімен егетін боламыз.

Г. КИЯНОВ,

Булаев ауданы, «Гигант» колхозының огород бригадасының бригадирі.

Халық қажетін өтеу жөніндегі қамқорлық

Біздің колхоз қалаға іргелес колхоздардың бірінен саналады. Сондықтан қала еңбекшілерін картоп және овощь өнімдерімен қамтамасыз етуге біздің колхозға да зор міндет жүктеледі. Мұны біздің колхозшылар жақсы біледі.

Өткен жылы 70 гектар картоп егісін ектік. Оның 42 гектары шаршы-ұялы әдіспен және 28 гектары кең қатараралық әдіспен отырғызылды. Картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызу кең қатараралық әдістен анағұрлым артық өнім беретіндігін біз өзіміздің іс тәжірибемізден айқын көрдік. Кең қатараралық әдіс бойынша егілген картоптың гектарынан 66 центнер өнім алсақ, шаршы-ұялы әдіспен отырғызылған картоптың гектарынан 90 центнерден өнім жыйнадық. Рас, бұл әлі де болса көп өнім емес. Біздің жерімізде картоптың гектарынан 150 центнерге дейін өнім алуға болады.

Огород бригадасының мүшелері овощьты өсіруде бірқатар табыстарға ие болды. Олар овощьтың көлемін 56 гектарға жеткізіп, оны егу, баптап күту, жыйнау жұмыстарын уақытылы жүргізді. Осының нәтижесінде он гектар капустаның әрбір гектарынан 169,8 центнерден өнім жыйналды. Қыярдан, қарбыздан, помидордан, сәбізден де мол өнім алдық.

Колхоз үстіміздегі жылы 1228 центнер картопты және 1355 центнер капуста, қыя, помидорды, сәбізді қала еңбекшілеріне сатты. Бұдан колхоз тек ақшалай 150 мың сом табыс тапты.

Әресе, картоп, овощь өсіруде колхозшылар Мурашова, Гологонова, Любых жолдастар қажырлы еңбек етті. Бұлар жыл сайын огород егістерін өсіруде озат тәжірибелерді өндіріске батыл қолданып, шаруашылықтың бұл саласын көтеруге келеді үлес қосып келе жатқандар. Былға огород бригадаларының мүшелеріне қосымша еңбекақыға 600-ден 1000 сомға дейін ақша берілді.

Бірақ, біздің колхоз бұл қол жеткен табыстарға масаттанбайды. Әлі де болса картоп, овощь шаруашылығының өркен-

оның Бөлемі ұлғайтып, өнімін арттыруға мүмкіншіліктің барлығы да бар. Рас, бізде бұл жұмыстар әлі күнге дейін негізінен механикаландырылмай келеді. Картоп, овощьтарды егуде шаршы-ұялап отырғызу сыяқты озат әдіс те қолданылған жоқ. Егер, кемшіліктер болмаған болса, онда совхоздың қол жеткен табысы бұдан да зор болған болар еді.

Келесі жылы картоп пен овощьтарды шаршы-ұялап отырғызу әдісі, бұл егістерді егуде парниктер мен теплицаларды пайдалану міндеті жүзеге асырылады. Кәзіргі өзінде совхоз парниктер мен теплицаларды жасау, дайындау ісіне шұғыл кірісіп отыр. Бұл жағдай совхозда шаруашылықтың осы саласын өткен жылғыдан едәуір өркендетуге мүмкіндік береді.

Біз картоп пен овощь шаруашылығын өркендету ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойылып отырылған негізгі міндет және совхоздың экономикасын нығайтудың негізгі жолы екенін жақсы білеміз. Сондықтан да шаруашылықтың бұл саласын барған сайын өркендетіп, оның көлемі мен өнімін бірдей арттыра береміз. Сөйтіп, партия мен үкметтің алға қойған міндетін іс жүзінде орындаймыз.

Я. СЕЙТМУЛЛИН,

Торанғұл совхозының директоры.

★
Е. БӘУКЕНОВ,

Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председатели, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты

★

деуі колхоздың алдында тұрған міндетке сай емес. Сондықтан колхоз басқармасы үстіміздегі жылы огород егістерінің көлемін ұлғайтумен бірге, оның өнімін арттырудың бірқатар шараларын белгілеп, жүзеге асыруға белсене кірісіп отыр. 1954 жылы колхозда картоптың көлемі 175 гектарға, овощьтың көлемі 85 гектарға (оның ішінде капустаның көлемі 30 гектарға), тамыр жемісті өсімдіктердің көлемі 60 гектарға, сүрленетін дақылдардың көлемі 75 гектарға дейін жеткізілмек. Бұл егістерді адам күшімен атқаруға болмайды. Сондықтан бұл жұмыстардың барлығы механизация күшімен атқарылуға тиіс.

Быйыл колхоз картоп және овощь егістерін егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолданатын болады. Бұл әдіс біріншіден, картоп пен овощьтың өнімін молайтатын болса, екіншіден, егістің арам шөбін отау, картоп пен овощьтың түбін қопсыту жұмыстарын механика күшімен атқаруға мүмкіндік береді.

Өткен жылы колхозда картоп және овощь егістеріне қажетті жерлер 22—27 сантиметр тереңдікте жыртылып, дайындалғанды. Кәзіргі кезде огород бригадасының мүшелері бұл алаңға қар тоқтату жұмысын үлгілі жүргізуде. Сол сыяқты бригада мүшелері жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау ісін де күннен-күнге өрістетуде. Колхоз басқармасы кемінде 1000 центнер минеральдық тыңайтқыштар сатып алуды көздеп отыр. Осының барлығы картоп және овощь дақылдары егілетін алаңды тыңайтуға пайдаланылатын болады. Егістік алаңдарды тыңайтуды дұрыс ұйымдастыру алынатын өнімді молайтуға келеді үлес қосатындығын көпжылдық тәжірибеміз талай рет дәлелден берді.

Быйылғы жылы картоп және овощь дақылдарына қажетті тұқым негізінен дайындалып алынды. Әресе, сортты тұқымдарды көп дайындауға жете көңіл бөлудеміз.

Быйыл овощьтың өнімін молайту мақсатымен овощьтың көшеттерін шымтезекшірінді құмыраларда өсіру арқылы оны егістік жерге отырғызу әдісі кеңінен қолданылады. Ол үшін парниктер мен теплицалар дайындайтын боламыз.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы быйылғы жылы колхозда картоптың гектарынан 140 центнер, капустаның гектарынан 175 центнер, қыярдың гектарынан 110 центнер, помидордың гектарынан 135 центнер, сәбіздің гектарынан 120 центнер, мал азығындық қызылшаның гектарынан 130 центнер өнім алуға жеткісетін боламыз.

Үстіміздегі жылы колхозда огород егістерінің көлемі 400 гектарға жетеді. Мұның өзі МТС-тің колхозға нақтылы көмегін күшейте түсуін талап етеді. Картоп пен овощьты егу, күтіп баптау және жыйнау жұмыстары түгелінен механикаландырылуы керек. Мұнымен бірге, колхозда МТС тарапынан картоп және овощь өсіруші маман болуын тілек етеміз.

ССРО Министрлер Советі мен СОБП Орталық Комитетінің «Колхоздар мен совхоздарда 1953—1955 жылдары картоп пен овощь өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысында картоп пен овощь және бақпа егістерінің көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттырудың нақтылы шаралары белгіленді. Біздің колхоздың колхозшылары бұл қаулыны жүзеге асыра отырып, картоп пен овощь дақылдарының көлемін ұлғайтумен бірге, оның өнімділігін арттыру арқылы колхоздың экономикасын нығайтып, өздерінің әл, ауқат-мәдени тұрмыс дәрежесін жақсарту түседі. Қала еңбекшілерін картоп пен овощь өнімдерімен қамтамасыз ету ісіне келеді үлес қосатын болады.

трактор күшімен атқарылып, бұл дақылдар түгелінен қара топырақты жерлерге егіледі. Алдыңғы қатарлылардың тәжірибесі мен ғылым жетістіктері картоп, овощь дақылдары егілетін жерлерді жергілікті және минеральды тыңайтқыштармен тыңайту алынатын өнімді молайтатындығын дәлелден келеді. Колхоздардың барлығында тыңайтқыштардың бұл түрлері жеткілікті мөлшерде дайындалады.

Біздің ауданның колхоздарында әлі күнге дейін картоп пен овощьтың сортты тұқымдары егілмей келеді. Сондықтан картоп пен овощь дақылдарының сортты тұқымын өсіретін облыстық мекеме колхоздарды сортты тұқыммен қамтамасыз етуге тиіс.

Біз осы шараларды жүзеге асыру арқылы МТС қамтуындағы колхоздарда картоп пен овощь шаруашылығын жедел өркендетеміз.

С. ЧИНАКОВ,

Чистян МТС-нің бас агрономы.

Темекіден 220 мың сом кіріс

Өткен жылы біздің колхоздың колхозшылары темекі егісін егуді өздерінің алдына негізгі міндеттердің бірі етіп қойды. Колхоз басқармасы 25 гектар темекі егісін егуді жоспарлап, оған қажетті тұқымды күні бұрын дайындап алды. Колхозда темекі өсіретін 7 звено ұйымдастырылып, ол звеноларда 30 колхозшы үздіксіз жұмыс істеді.

Мәселе міндет алуға емес, оны орындауда. Звено мүшелері қыстың алғашқы күнінен бастап агроном Тягельский жолдастың басшылығымен қысқы агротехникалық шараларды толық жүзеге асырды. Барлық участктерде қар тоқтатылып, 91 центнер күл, 19 центнер күс саңырығы жыйналды. Егіс алаңы культивацияланбастан бұрын жергілікті тыңайтқыштармен тыңайтылды. Әрбір гектарға 20 центнер минеральдық тыңайтқыш енгізілді.

Колхозда темекі егісін егу 27 апрельден 30 апрельге дейін өткізілді. Әрбір гектар жерге 2,5 килограмм тұқым 1,5 сантиметр тереңдікке сіңірілді.

Бұдан кейін біз темекіні баптап, күту, жыйнау жұмысын тығызлықты ұйымдастырдық. Звенолардағы барлық колхозшылар бұл кезде аянбай еңбек істеп, темекі жыйнауды үлгілі ұйымдастырды.

Колхоз өткен жылы 25 гектар темекінің әрбір гектарынан 9 центнер орнына, 41,4 центнерден өнім жыйнады. Мемлекетке бірінші сортты 292 центнер, екінші сортты 442 центнер, үшінші сортты үш жүз центнерден аса темекі тапсырылды.

Колхозда темекі егісінен 34 мың сом ақшадай кіріс енгізу жоспарланса, бұл жылы барлық кіріс 220 мың сомға жетті. Бұдан басқа колхоз темекі тапсырудан 28 центнер қант, 1200 метр кездеме, 300 килограмм сабын алды.

Келесі жылы біз темекі егісі көлемін бұрынғыдан да ұлғайта түсеміз.

Ф. ШЕЛЬ,

Полудень ауданы, Чапаев атындағы колхоздың председатели.

ұшыншылар бар. 1953 жылы Судет облысын (гитлершіл Германияға —Ред.) беру де кейбіреулерге болмашы зұлымдық болып көрінген болатын. Сол сыяқты, 1940 жылы келісімге қол қою да болмашы зұлымдық болып көрінген еді. Болмашы зұлымдық саясаты ұлттық мүдделерді саудаға салуға әкеліп соғысымен-ақ, болмашы зұлымдық саясаты саяси тізе бүгудің түріне айналады.

Германияны қаруландыруға келісім беру —Францияның тізе бүккендігі болар еді. Бұл қаруланудың «тәуелсіз», «европалық» деген түрлерінің арасында ешқандай үлкен айырмашылық жоқ. Ресми немесе жасырын түрдегі неміс бас штабы бір түрден екінші түрге оңай-ақ көше алады».

Манифесттің авторлары герман милитаризмінің қайта тууы «жуыр арада дүниені қайта түзуге болмайтын апатқа әкеліп соғуы мүмкін екендігін» атап көрсетеді. Осыдан барлық саяси және экономикалық салдарлар туатын герман қожалығын орнатуға жетектейтін белгілі «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы күресуге олар бел байлағандықтарын мәлімдеді.

ФРАНЦИЯДА ПОЧТА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ ӘЛІ БОЛЫП ЖАТЫР

ПАРИЖ, 2 январь. (СОТА). Темір жол вокзалдары почта бөлімдерінің жұмысшылары мен қызметшілерінің ереуілі болғаны 12 күн болды. Ереуіл жасаушылар өздерінің материалдық тұрғын жағдайларын жақсартуды, соның ішінде жалақының арттырылуын талап етуде.

Жаппай еңбек конфедерациясының почта қызметкерлерінің және автономиялық өсіподақтардың федерациялары кеше Әрлескен мазмұндама жариялап, онда почта қызметкерлерінің талаптарын қанағаттандыруды үкметтен талап еткен. Сол сыяқты федерациялар осы талаптардан қанағаттандырылуын үкметтен талап етуге парламенттің барлық мүшелерін шақырған.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛЕА ПТИЦЫН МІНЕЗІН ҚАЫПТАСТЫРАДЫ»

Ойын кідізігі 12 сағат 30 минутта және 2 сағ 30 минутта басталады.

«АСАУЛЫ ТОЙ»

Ойын 4 20 минутта, 6 с. 30 минутта, 8 с. 40 минутта, 10 с. 45 минутта басталады.

1 январь 8 январьға дейін балалар сеанстары ында концерттер беріледі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретарият — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-55, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.